

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Академиялық инновация және жоғары
білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі
вице-президенті Ш.Есимова
«12» _____ 2018 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-084-2018

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
«VERITAS-ІКТУ» ХИРУРГИЯЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**


АЛҒЫ СӨЗ

Медицина факультетімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

- Әзірлеген – Медицина факультетінің «Жалпы хирургия» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д., доцент Төлежанов Н.К.
– Медицина факультетінің студенті Абдукаримова А.
– Медицина факультетінің студенті Асқар С.
– Медицина факультетінің студенті Қанат Ш.
- Келісілді – Оқу әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент
Ө. Үмбетов
– Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент
К. Беркимбаев
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
Ж. Дарибаев
– Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А. Абсеметов
– Медицина факультетінің деканы Ы. Молдалиев
- ЕНГІЗІЛДІ – 2018
- Тексеру мерзімі – 2021

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2018 жыл



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СНЖ-009-2018</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
VERITAS-IKTU хирургиялық клубының ережесі		7 беттің 2 – беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5	Жалпы ережелер	4
6	Негізгі қызметтер мен міндеттер	4
7	VERITAS-IKTU құрылымы	5
8	VERITAS-IKTU құрамы мен жұмыс тәртібі	5
9	Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
10	Келісу, сақтау және тарату	7
11	Танысу парағы	9

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СНЖ-009-2018</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
VERITAS-IKTU хирургиялық клубының ережесі		7 беттің 3 – беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (әрі қарай Университет), Медицина факультетінің «VERITAS-IKTU» клубы ерікті түрде тұрақты қызмет ететін алкалы орган болып табылады.

1.2 Осы Ереже университет Президентінің бұйрығы және «VERITAS-IKTU» мүшелері тағайындаған қызметтегі өкілдерімен пайдаланылуы тиіс.

1.3 VERITAS-IKTU – Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР-ның «ҚР қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы басқа да актілеріне, Жастар саясатына сәйкес, сонымен қатар осы ережеге сәйкес қызмет жасайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл ережеде келесі нормативті құжаттарға сілтеме жасалған:

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағы,

«Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығы, Жас Ғалымдар Кеңесінің Ережесі, Түркістан, 2015, нормативті құжаттар жиынтығы – 2, ЖББҰ кейінгі білімге қатысты нормативті құжаттары,

Университет Жарғысы, университет қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттары, Өкілетті Кеңес мәжілісі 02.06.2012ж. № 42 ШЕШІМ № 17.2.1 Жұмыс тәртібі мен негіздері регламенті; ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару; ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережедегі пайдаланылған терминдер және анықтамалар тізбесі:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «VERITAS-IKTU» ережесі;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЖББҰ – Жоғары Білім Беру Ұйымдары.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Студенттердің хирургиялық білімін теориялық және практикалық тұрғыда дамыту.

4.2 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Медицина факультетінің деканы жауапты болып табылады.

4.3 Студенттің теориялық және тәжірибелік дағдылары жетілген соң, олимпиадалар мен жарыстарда оларды пайдалана алуына ықпал жасау.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 “VERITAS-IKTU” Медицина факультетінің, оның ішінде болашағын жалпы хирургия саласымен байланыстырғысы келетін болашақ хирургтар мен ерікті студенттердің арасындағы қоғам болып табылады.

5.2 Осы ереже бойынша болашақ хирургтар қатарына Медицина факультетінде білім алушы барлық студенттері (бакалавр) жатқызылады.

5.3 Клуб қызметін бақылау мен қадағалау Медицина факультетінің деканы арқылы бақыланады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖН-СНЖ-009-2018</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
VERITAS-IKTU хирургиялық клубының ережесі		7 беттің 4 – беті

5.4 Клубты Университеттің, Медицина факультетінің студенті төраға\төрайым басқарады, төраға\төрайым клуб кеңесінен сайланады.

5.5 "VERITAS-IKTU" заңды тұлға болып табылмайды және өз қызметін университет басшысымен іске асырады.

6. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕР МЕН МІНДЕТТЕР

6.1 "VERITAS-IKTU" негізгі мақсаттары:

6.1.1 Студенттерді клиникалық пәндер базасына дайындау.

6.1.2 Студенттерді Университеттік, Республикалық, Халықаралық деңгейдегі медициналық және хирургиялық олимпиадалар мен жарыстарға дайындау және қатысуларына ықпал ету.

6.1.3 Студенттердің хирургиялық сауаттылығын арттыру.

6.1.4 «Бакалавр» деңгейінде білім алушы студенттерге, «Интернатура»-да хирургия мамандығына түсуіне дайындау.

6.2. "VERITAS-IKTU" негізгі міндеттері:

6.2.1 Студенттерге клубты таныстыру жұмыстарын жүргізу;

- Өз қызметі туралы ақпарат таратуға.

- Интернет желілерінде парақшалар құруға.

- Жиналыстар өткізуге.

- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттілікті жүзеге асыруға құқылы.

6.2.2 Студенттерді "Жалпы Хирургия" базасына дайындау;

6.2.3 Болашақ хирург студенттерді «Жалпы Хирургия» мамандығының барлық салаларымен таныстыру:

- Абдоминалды хирургия;

- Нейрохирургия;

- Кардиохирургия;

- Торакалды хирургия;

- Васкулярлы хирургия;

- Онкохирургия;

- Урология;

- Травматология/Ортопедия;

- Анастезиология/Реаниматология;

- Балалар Хирургиясы;

- Офтальмология;

- Оториноларингология;

- Эндовидеохирургия;

6.2.4 Халықаралық және Республикалық жарыстар және олимпиадалар ұйымдастыру.

6.3.1 Университеттің, Клинико-Диагностикалық орталықтың және Түркістан қаласындағы басқа да медициналық мекемелердің хирург-дәрігерлері мен студенттер арасында қарым-қатынас орнату және қосымша дәрістер өткізу.

6.3.2 Студенттердің практикалық дағдыларын Тәжірибелік Симуляциялық Орталықта дамытуға көмек көрсету.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СНЖ-009-2018
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
VERITAS-ІКТU хирургиялық клубының ережесі		7 беттің 5 – беті

7. "VERITAS-ІКТU" ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫ

7.1 "VERITAS-ІКТU" мүшесі осы Ережені толыққанды мойындайтын студенттер бола алады және олар жазбаша өтініштері негізінде тіркеледі.

7.2 Клуб мүшелеріне қойылатын талаптары:

7.2.1 «Хирургия» саласына қызығушылығы болуы тиіс.

7.2.2 Жауапкершілігі, жеке тұлғалы қасиеттері болуы тиіс.

7.3 "VERITAS-ІКТU" мүшелігінен келесі жағдайларда шығарылады:

- Клуб мүшесі осы Ережені қатаң бұзғанда;
- Клуб шешімін орындамағанда;
- Клуб құрамынан шығу туралы өз шешімін жазбаша хабарлағанда.

7.4 "VERITAS-ІКТU" мүшелерінің құқықтары мен міндеттері бірдей.

7.5 «Хирургия» мамандығының әрбір саласына тағайындалатын бригада старосталары болады.

"VERITAS-ІКТU" төрағасы/төрайымы:

- Клуб қызметін басқарады;
- Клубтың шешіміне және басқа да құжаттарына қол қояды;
- Клуб мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- Клуб кезекті отырысын өткізу мерзімі туралы шешім қабылдайды;
- Клуб отырысын өткізеді;
- Клуб жұмыс жоспарын, отырыстың күн тәртібін және жұмысына қажетті басқа да құжаттарды бекітеді;
- Клуб қызметі туралы жылдық есептің дайындалуына басшылық жасайды;
- Клубтың жылдық қаражатын есептеп, университеттің бухгалтериясына өткізу.
- Клубтың жылдық жоспарын Жастар Орталығына өткізу.

"VERITAS-ІКТU" төрағасының/төрайымының орынбасары:

- Клуб төрағасы орынбасары клуб мүшелері арасынан көпшілік дауыспен сайланады.
- Клуб төрағасы болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген өкілеттілік толық соның қолына көшеді.

"VERITAS-ІКТU" ішкі хатшысы:

- Клуб отырысының күн тәртібі жобасын жасайды;
- Клуб отырысын өткізуді ұйымдастырады;
- Клуб отырысы мен оның шешімін хаттамалайды;
- Клуб шешімін мүдделі тұлғаларға жеткізеді.

"VERITAS-ІКТU" PR менеджері:

- Клубтың соңғы жаңалықтарын интернет желілеріне жүктеу;
- Интернет желілеріндегі парақшаларды тұрақты жүргізіп отыру;

"VERITAS-ІКТU" мүшесінің міндеттері:

- Университеттің Клинико-Диагностикалық Орталығына, және Түркістан қаласындағы басқа да медициналық мекемелерге түнгі кезекшілікке аптасына 1 рет тұрақты түрде қалып отыру.

- Кезекшілік жайында қысқаша есеп тапсыру.
- Клубтың ұйымдастырылуымен өтетін барлық іс-шараларға қатысу.
- Клуб жиналыстарына қатысу.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ЖН-СНЖ-009-2018</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
VERITAS-ІКТU хирургиялық клубының ережесі		7 беттің 6 – беті

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Медицина факультетіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

9.2 Осы университет ережесін талқылау және келісу Факультет кеңесінде жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.3 Осы университеттің ережесінің бақылау сапасын СРСО-да сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент



Ө. Үмбетов

Ғылыми-зерттеу істер жөніндегі
вице-президент



К. Беркимбаев

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының
басшысы




Ж. Дарибаев

Құқықтық қадағалау бөлімінің басшысы



А. Абсеметов

Медицина факультетінің деканы



Ы. Молдалиев

